| <b>Максимы и афоризмы Н.А. Шайкенова .....</b>                                                                                                                                                                                                       | <b>205</b> |



**Орсаева Раиса Ануарқызы,**

*С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан*

*Мемлекеттік университеті қылмыстық-құқық*

*және қылмыстық іс жүргізу кафедрасының доценті,*

*заң ғылымдарының кандидаты*

## **КӘМЕЛЕТКЕ ЖАСЫ ТОЛМАҒАНДАРДЫҢ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРЫНЫҢ АЛДЫН-АЛУДА ОТБАСЫНЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ (ҚЫЛМЫСТЫҚ-ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖӘНЕ КРИМИНОЛОГИЯЛЫҚ СИПАТТАМА)**

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауында (17.01.2014) «...XXI ғасырдағы дамыған ел дегеніміз – белсенді, білімді және денсаулығы мықты азаматтар...» екеніне баса назар аударып, Қазақстан мемлекетінің болашағын жастармен байланыстыра отырып, жастардың білімділігі мен біліктілігін арттыру үшін «...жетекші университеттерді академиялық және басқарушылық автономияға біртіндеп көшіруге жоспарлы түрде кірісу қажет. Үлгерімі жақсы студенттер мен оқушыларды қолдаудың тиімді жүйесін жасау қажет деп санаймын...» [1] дегені баршаға аян.

Елбасы Н.Ә. Назарбаевтың қараша айындағы (11.11.2014) «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» Қазақстан халқына Жолдауы [2] қаңтар айындағы Жолдаудың жалғасы іспеттес алдыға қойған мақсат пен міндеттерді айқындай түскендей болды.

Олайдеугесепеб, Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті-Елбасының «...Әлеуметтік инфрақұрылымдарды дамыту. Бірінші кезекте, бұл - апатты мектептер мен үш ауысымда оқыту проблемаларын шешу. Бұл - біздің Сайлауалды тұғырнамамыздың негізгі индикаторларының бірі. Үшжылдық бюджетте қарастырылған қаржы бұл проблеманы 2017 жылға дейін шешуге мүмкіндік бермейді. Сондықтан Үкіметке қосымша 70 миллиард теңге бағыттауды тапсырамын. Балалар бақшасының жетіспеушілігі - басқа мәселе. Мектепке дейінгі мекемелерде орындар тапшылығын түбегейлі қысқарту үшін 3 жыл бойы қосымша 20 миллиард теңге бағыттауды тапсырамын.

Әкімдер жеке секторды тарта отырып, бұл жұмыспен барынша айналысуы тиіс.

Индустрияландыру бағдарламалары шеңберінде базаларында ғылымның экономика салаларымен және мамандар дайындаумен байланысы қамтамасыз етілетін 10 ЖОО анықталды. Осы мақсаттарға 2017 жылға дейін 10 миллиард теңге бағыттап отырып, осы жоғары оқу орындарының материалдық-техникалық базасын қалыптастыруды тапсырамын» деген қанатты сөздері жастар бойында серпіліс пен болашаққа сенімділікті арттыра түсті десек, артық айтқандық болмас.

Болашағы алдыға батыл қадам басқан осындай мемлекеттің қамқорлығы аясында мақсат пен міндет ретінде тек білім алу мен алған білімді жетілдіру, жетілдіре отырып, жаңашылдыққа жаны құмарлана алға ұмтылу, шет тілін меңгеру арқылы тереңнен ойлап, өз ойын еркін жеткізу, өзгені тыңдай отырып, мағыналы ой айтатын жастардың көбейгені де бүгінгі күні таңқаларлық жаңалық емес.

Жақсының да бір жаманы болады демекші, бетке ұстар жастарымызға қоса, өмірдің көлеңкелі жағын таңдайтын жасөспірімдеріміздің де бар екендігін жасыра алмайтынымыз хақ. Олардың қолымен жүзеге асқан қоғамға жат әрекеттердің көбеймесе, азаймауы үміттен гөрі күдікке бой алдыруда.

Сондықтан да, жасөспірімдердің құқық бұзушылығы мен қылмыстық құқық бұзушылығы бүгінгі күні күн тәртібінен түспейтін өзекті проблемаға айналған өмір шындығы десек, қателеспеген болар едік.

Жалпы жасөспірімдердің құқық тәртібі мен қылмыстық құқық бұзушылығын әлеуметтік, психологиялық тұрғыдан талдау маңызды орын

алатыны белгілі. Яғни жас “қылмыскерлердің” құқық бұзушылығына себеп болған жағдайларды саралай отырып, ғылыми тұрғыда баға беру, шешілмеген шешуін шешу - ғалымдардың басты міндеті.

Жалпы баланың қалыптасу кезеңінде оған әртүрлі жағдайлар мен факторлар әсер етсе, ол ең алдымен оның көзқарасына, қызығушылығына, икемділігіне өз нәтижесін беріп, қатынас, сезім, көңіл күйді қалыптастырады. Осылардың деңгейінде бала бойында белгілі бір сипаттық белгілер мен жеке басының жақсы, жаман жақтары дамиды.

Баланың адам болып қалыптасуы ең алдымен жанұяға байланысты. Жанұя бала өмірінің жағдайын тудыратын, реттейтін орта болғандықтан, ол әртүрлі танданыс пен өкініштердің қайнар көзі ретінде жат қылықтардан жирендіретін, дұрыс жолға бағыттап, басқаратын күш өмірдегі тірек және де алғаш тәрбиелік орта болып табылады.

Көптеген өмірде болып жататын жағдайлар құқық бұзушы балалар мен ата-анасынан бақылағанда, жанұя жағдайының жалпы келеңсіз жақтары, жанұя тәрбиесінің бұзылуы, баланың жанына қатты әсер еткенін, оның тәртіп жағынан құлдырап, құқық бұзуға дейін әкелгенін дәлелдеп берді.

Жасөспірімнің өсуіне, тәртібіне, мінезінің қалыптасуына жоғарыда айтып кеткендей, жанұя тәрбиесі зор. Осыған орай А.М. Решетина “Баланы адам етіп қалыптастыру бастамасы ең кішкентай әлеуметтік орта – жанұяда жүзеге асады” деген болатын. Дәл осындай пікірді Е.І. Қайыржанов, М.С. Нарықбаев, С.Х. Жадыбаев та қолдаған [4, 6, 8].

Жанұя тәрбиесінің жеткіліксіздігі кейбір жеке ата-ананың кінәсінен емес қайта жанұя жағдайының әртүрлі сәттерінің әсер етуінің жиынтығына байланысты: жанұя санында, материалдық - әлеуметтік және мәдени - әлеуметтік; жанұя мүшелері арасындағы қарым-қатынасқа.

Жанұя тәрбиесінің бала өміріне өзіндік өрнекті із салуы, оның мінез құлқына, жалпы тәртібіне өзгеріс әкелуі-жанұяның толық болмауы. Педагогикалық тәжірибелермен бақылаулар көрсеткендей, баланың тәрбиесі мен қалыпты дамуы үшін толық жанұя қажет, яғни баланың әкесі мен шешесіне мейірімділікпен, сыйлампаздықпен қарауы үшін толық жанұя ауадай қажет.

Құқық бұзушылыққа, ішімдікке, темекі тартуға ерте жастан әуестенген жасөспірімдердің

көпшілігі осындай жарты жанұядан шыққан екен.

Біздің жасы толмағандар ісі жөніндегі инспекцияда есепте тұрған 9-13 жас аралығындағы құқық бұзушыларға арнайы ұсынылған анкета құқық бұзушылардың басым көпшілігі жарты жанұядан шыққандығын көрсетті. Біздің анкетадағы сұраққа жауап берген 200 баланың (9-13) 23,5%-і өз ата-анасымен тұрса, 36,0%-нің ата-анасы айырылысқан, 27,0%-ң туған әкесі болмаса, 25,0%-нің тек өгей әкесі мен анасы, 22%-нің ата-анасы ғана болып, олардың тәрбиесін алған.

Көптеген толық емес жанұяда тәрбиелеу тек қалған ананың немесе әкенің үлесіне тиетіндіктен, тәрбиелеудегі барлық ауыртпалық соған ғана түседі. Соның нәтижесінде жанұяда педагогикалық талаптар мен тәрбиелік шаралардың құлдырауы пайда болып, жасөспірімге деген әлеуметтік бақылау төмендейді.

Бұл әсіресе көп уақыттың жұмыста өткізетін, жалғыз анасы бар жанұя жағдайынан айқын сезіледі. Анасы жұмыста болғандықтан, ол үнемі өзімен-өзі қалады. Олай болса, оған анасының көңіл бөлмеуі, уақытының аз болуы, болса да, шаршауы қатты әсер етіп, қандай жұмыс болса да, ол бала өзіне уақытында көмек беретін адамды таба алмайтын дәрежеге жетеді.

Шығыс Қазақстан облысы Өскемен қаласы Үлбі аудандық кәмелетке жасы толмағандар комиссиясында есепке тұрған 146 бала (9 -13) анкеталық тәсілмен сұралса, олардың 93-і ұл бала, қалған 53-і қыз бала. Бұл балалардың басым бөлігі жарты жанұяда тәрбиеленіп жатқандар.

Осылайша, бірте-бірте анасының ықпалы жоғала бастаған жасөспірім бала тығыз байланыстан айырылып, оның жанұядан бөлінуі басталады. Осындай жайттарға байланысты А.С Макаренко “Қараусыз балалардың жағдайы жетім балаларға қарағанда, көп жағдайда күрделі де қауіпті” деген болатын.

Жасөспірімдердің құқық бұзуына қатты әсер ететін тағы бір жағдай ата-ананың айырылысуы. Ата-ананың айырылысуы оның іштей қатты күйзелісіне, сабаққа деген ықыласын жоғалтуына алып келеді.

Жанұя құрамының өзгеруі, жанұяның ішіндегі ауыр қарым-қатынас, ара-тұра болып қалатын айқай-шу – оның бүкіл өмірін өзгертіп, нәтижесінде тез ашуланғыш болуын, тәртібінің нашарлауын нерв жүйесінің өзгеруін, мінезінің ашуланғыш болуын қалыптасты.

Жанұяда орнаған жағдай, ата-ананың

айырылысуы осылайша, жасөспірімдерді қатты күйзелтеді. Ата-ананың некесінің дұрыс болмауы, олардың бір-біріне реніші, күнделікті ұрыс, төбелес-баланың дамуына өз әсерін тигізбей қоймайды. Мұндай жағдайда бала ата-ананың қайсысы дұрыс айтып тұрғанын, қайсысын қолдау ке-ректігін білмей дағдарады. Оған себеп, ата-анасының әрқайсысы өздерінікін жөн санайтындығы. Бұндайды көрген бала ата-анаға деген махаббатын жоғалтып, немқұрайлы қарауды дағдыға айналдыра бастайды. Осыған барып, олардың бойында өзін қарау формасы ретінде, сөз айтқан адамға тіке жауап беру, өшпенділік, мінез көрсету секілді әдеттер пайда болады. Көптеген жасөспірімдер үйде аз болуға, ата-анасы, туыстарымен кездесуден қашуға бейімделіп, жалғыз күй кешеді. Бұндай балалардың елдің ықпалына тез көніп, құқық бұзу жолына тез түсетіні сондықтан.

Жанұядағы келеңсіз жағдайлар, одан кейін мектепте де өзіне жақын адамдармен қақтығысқа түсуіне алып келеді, бұл баланы одан әрі қатайта түседі. Аяғында бұндай балалардың сабағын тастап, жаман жолға түскен топ балалармен достасып, сол топқа кіруге мәжбүр болады, олардың 60% осылайша құқық бұзу жолын таңдайды.

Айырылысу кезінде ата-ана баланы бөлуге дейін барады, анасы өзіне тартса, әкесі өзіне тартады. Екеуін де қимаған бала дел-сал күйге түсері сөзсіз. Немесе ата-анасы айырылысып кеткеннен кейін жанұяда жаңа жанұя мүшелері пайда болады, яғни әкесі, шешесі, балалар.

Жасөспірім жаңа жанұя құқықтарын бірден түсіне алмай, өзін де сол ортаға бейімдей алмай күйзеледі, оған себеп, оның санасынан туған анасының немесе әкесінің оған деген мейірімі кетпей, ұмыта алмауы. Сондықтан да, ол жаңа жанұя мүшелеріне сенімсіз көзқараспен қарап, олардың өтінішін, талап-тілектерін тыңдамай, қандай да болса тәрбиелік шараларға білдіреді.

Жасөспірімдердің көбі жаңа ата-анасының тәрбиесіне үзілді-кесілді қарсы шығады. Қалай болса да, өзінің дұрыс істегенін дәлелдеуге тырысады, сөйтіп, бірбеткейлігімен, мінез көрсетуімен жаңа ата-анасымен ұрсысуға дейін барады.

Жанұяда орнаған жайсыз жағдай баланың үйден кетіп, кезбелікке түсуіне жол ашады. Кезбелікке түсіп, ұзақ жол жүрген, тамақ ішкісі келген баланың неге болса да ілесіп кетуі ықтимал. Олардың ересектер ықпалына тез еруі, қоғамға жат әрекет істеумен шұғылданатын топтарға кіруі, ұрлық істеуі, адам тонауы, бір

сөзбен айтқанда, құқық тәртібін бұзуын осы кезде жүзеге асырады.

Көп жағдайда ата-ана баласының үйден кетіп қалғанын білдірмейді. Ол жайында мектеп басшылығына айтумен шектелетін ата-аналар да баршылық. Олар баланың үйден кетіп қалғанын, кезбелікке түскенін ең алдымен мектепке емес, құқық қорғау орындарына хабарлауы керек екенін ойламайды.

Жалпы, құқық қорғау органдарына үйінен аз мерзімге кетіп, қайтып оралған балалардың әрекеті белгісіз күйінде қалады.

Кәмелетке жасы толмағандар құқық бұзушылығын көп зерттеген В.К.Андриенко құқық бұзушы жасөспірімдердің неліктен құқық тәртібін бұзатындықтарының себебін ашуға ниеттенген еңбегінде, оған бірден-бір себеп болатын жанұя атмосферасы екенін атап өтті. Оның пікірі бойынша, құқық бұзушы балалар мен педагогикалық тәрбиеге көнбейтін жасөспірімдердің 68%-і жанұяда жағдайы келмегендіктен, үйінен қашуға мәжбүр болған. Ал, 56% жасөспірім жанұя тәрбиесінің жеткіліксіздігі мен жанұядағы қалыптасқан ауыр жағдайға байланысты құқық тәртібін бұзып, қоғамға жат әрекет істеген [3].

Ал, Н.И. Озерский “Ата-ана айырылысуының кәмелетке жасы толмағандар құқық бұзушылығына әсері” деген кітабында айырылысу-дың көбеюі балалар құқық бұзушылығының өсуіне тікелей қатысы бар деп атап көрсетті.

Материалдық-әлеуметтік жағдайдың жанұяда жоғары дәрежеде болуы-баланың жан-жақты дамуына жол ашады. Бұған керісінше тұрмыс жағдайының жетіспеушілігі баланың әлеуметтік ортамен байланысын қалыптастыруды төмендетіп, тәртібіне, өсуіне зиянын тигізеді.

Көптеген тәжірибелер көрсеткендей, көп ата-ана бала тәрбиесіне аз көңіл бөледі. Көптеген ата-ана мектепке бармайды, класс жетекшісі мен мұғалімдермен байланысын, баласының қалай оқып жүргенін, оқу үлгерімін сұрамайды. Енді бір ата-аналар мұғалім-дерге құрметпен қарамайды, оған қоса бала тәрбиесімен мектеп айналысады деп есептейді.

Ешкімнің бақылауынсыз қалған балаға бұл әрекеттер үйреншікті әдетке айналғандықтан, ол бірте-бірте ата-ана бақылауынан мүлдем кетеді. Ата-ана бақылауынсыз күй кешкен баланың тағы да құқық бұзуына себеп болар жағдай осындайдан туындайды.

Бірталай жанұяда сабақ қарауға, белгілі бір іспен айналысуға жағдай жоқ. Нақты сабаққа дайындалатын орынның жоқтығы, қажетті

оқу кітаптарының болмауы, көркем әдебиет, дене тәрбиесімен айналысатын қажетті спорт құралдарының болмауы да, бала-ның бос уақытын көбейтіп, бос жүріске түсіріп, жаңа достар табуына, олардың ықпалымен құқық бұзуына себепші болады.

Біздің арнайы жүргізген анкеталық сұраққа жауап берген (163) баланың 51-і 10-12 жастағы қыз бала, 112-і 10-13 жас аралығындағы ұл балалар. Олардың барлығы жасы толмағандар ісі жөніндегі комиссияда есепте тұрғандар, анкета сұрақтары олардың құқық бұзуға неліктен барғаны, жанұя жағдайы, бос уақытында қандай жұмыспен айналысатындығын қамтыды. Анкеталық сараптама көрсеткендей, олардың 32,4%-і жайсыз тұрмыстық жағдайда (бір бөлмелі пәтерде, жатақханада) тұрғандықтан, сабаққа дайындалуға мүмкіндік болмаған. Оған қоса, ата-аналары ішкендіктен, олардың арасындағы жанжал, төбелес қатты әсер етіп, көбінесе көше кезуге құмар болған. Бұл олардың құқық бұзуына себепші болған.

17% құқық бұзушы жасөспірімдер тәрбиелеуге жайсыз тұрмыстық жағдайда тұрды (барлық жанұя бір бөлмеде тұрған). Сабаққа дайындауға жағдай болмағанына қоса, балалар ата-ана мен жанұяның басқа мүшелері арасындағы келеңсіз қарым-қатынастың куәгері болған (ұрыс, төбелес, балағаттау). Осылайша, жанұяда болған төбелес, ұрыс, дауыс көтеру сияқты кері әрекеттер оның сапасына мықтап орын алып, оның тәртібін де сондай арнаға жетелейді. Сондықтан да бұндай “қиын” жасөспірімдер өзін дұрыс ұстай алмай, сабақты да оқи алмай, жолдастарымен жақсы қарым-қатынаста бола алмайды.

Ата-анасынан уақытында көмек алмау (ата-ананың) білімінің жеткіліксіздігі, педагогикалық жағынан сауатсыздығы, мәдениетінің төмендігі, бала тәрбиесінен саналы түрде бас тартуы) және қажетті көңіл бөлудің, мейірімділіктің, аялаудың жоқтығы бірте-бірте жанұя мен мектептен алыстауы (мектеп бітіруге 4 немесе 3-2 жыл қалғанда мектепті тастап кету) қалыптасады. Осылайша, бала жанұя мен мектепті топтасқан кездейсоқ балалар ортасымен алмастырады.

Олай болса, мәдениетінің төмендігі мен білімінің моральдық жоқтығы, кейбір ата-ананың педагогикалық жағынан сауатсыздығы жат жаман қылықтары ол баланың бойында кері әдетті қалыптастырып, құқық бұзуға себепші болады.

Ата-ананың ішімдікке әуес болуы, дұрыс тәрбие бере алмауы, тұрмысқа бейімдеп өсірмеу, кейде ішімдікке өзі үйретуі, қылмысқа

итеруі баланың оған деген сыйламаушылығын туғызады.

В.К. Андреев өз зерттеулерінде баласының тағдырына жауапсыздықпен қараған 70% ата-ананың үнемі ішкенін, 20%-нің қалай болса солай тәртіпсіз өмір сүргенін дәлелдеп, 65% жанұяның ата-анасы үнемі өзара төбелескен, ұрсысқан, жанжалдасқанын ашқан. Бұндай жанұяда балағаттау, қорқыту, төмендету орын алып, баланы қатты жазалау қоса жүрген. 82% бала ата-анасының бақылауынсыз, мейірімін көрмей өзімен-өзі күн оздырған [3].

Біздің бала тағдырына қалай қарайтынын білу мақсатында жүргізген зерттеулерге қатыстырылған 163 жанұяны алсақ, осы жанұяның басым көпшілігі ішімдікті жанына серік еткен. Күн сайын жанжалдасатын жанұя – 57%, баланы ұрып-соғу, балағаттау – 87% орын алса, үнемі ішкен ата-аналар – 65%, баланы бақылаусыз қалдырып, өз қара басын ойлаған ата-ана – 81%-ті көрсетті.

Ұзақ уақыт баланың небір жат қылықтарымен көрінуімен қоса, аяусыз жазалануы оны мейірімділіктен гөрі өшпенділікке әуестендіретіні сөзсіз. Осыдан барып, өзін ренжіткен баланы үнемі ұрып-соғуы, бұзақылық көрсетуі орын алып, ол оп-оңай құқық бұзушы бала болып шыға келмесіне кім кепіл.

Кейбір ата-ана кері әрекеттерімен баласы көзге түсе қалса, оны жазалауға, күш көрсетіп, басып тастауға ұмтылады. Бұндай балалар ата-анасына дәл солай жауап беруге тырысады да, соңынан үйінен қашып кетеді. Бұндай балаларға қандай болмасын тәрбиелік шараға қарсыласу қалыптасады. Оларға мұғалімге сенбеушілік, жауласушылық және барлық ересек адамға, ата-анасына, жақындарына деген сыйламаушылық тән.

А.С. Макаренконың ата-аналарға “өздеріңнің балаларыңды тәрбиелемес бұрын, өздеріңнің тәртіптеріңді тексеріңдер”, - деген аса ойлы пікірін айтпасқа болмайды.

Жоғарыда айтып кеткендей, жанұяның толық болмауы бала өміріне өз ізін салмай кетпейді.

К.Е. Игошевтің зерттеулері туған ата-анасының біреуі жоқ (әкесі не шешесі) балалардың 91,2% - ұрлық, 76,2% - бұзақылық әрекет, 74,5% - тонау, 69,7% - денсаулыққа қасақана зиян келтіру сияқты қоғамға қауіпті әрекет жасағандары үшін жауапкершілікке тартылғанын көрсеткен [5].

Бұл көрсеткіштер ата-ананың балаға деген бақылауының төмендігіне қоса, тәрбиеге көңіл бөлмейтінін, материалдық жағынан көмек

көрсетпегендіктен, құқық тәртібін өрескел бұзғанын тағы да паш етсе керек.

Толық жанұяның болуы үшін ата-ана бір-бірімен айырылысып кеткеннен кейін де, бала тәрбиелеуді екеуі де өз міндеті ретінде қарағаны абзал. Баланың ары қарайғы тағдырына жауап беру - қоғам алдындағы, өз ар-намысы алдындағы ата-ананың міндеті.

Баланың құқық тәртібін бұзып, кері жолға түсуіне көбінесе ата-анасының жоғарыда айтып кеткендей, ішімдік ішуі, кері жүрістері әсер етеді.

Белгілі ғалым В.С. Орлов әртүрлі құқық бұзған балалардың жанұя жағдайын зерттегенде, 50% жанұяда үнемі ұрыс-керіс болғанын, 25-30% жағдай ата-ананың үнемі ішімдікке салынған, 7-10% ата-ананың жаман кері жолға түсіп, тәртібінің нашарлығын анықтаған [7].

Дамып өсіп келе жатқан баланың көзінше бір-бірін балағаттаған, тіл тигізген ата-ана кері әдеттерге үйретеді.

Кейбір ата-ана баласының оқуы мен демалуына жағдай жасауға жанталасады. Ата-ананың мұндай қадамы балаға масылдықты, бір сөзбен айтқанда, жатып ішер арамтамақты қалыптастырады, енді бір ата-ана баланы киімге құмар ғып өсіреді, ал үшінші бір ата-ана баласының алдында қалай ұрлағаны немесе қоғам мүлкін қандай жолмен жымқыру жолын, істеген істерін “жайын” салады.

Бала ойына құқық бұзушылық әрекеттердің келуі ата-ананың өз баласының алдында беделді болмауы, өздерін тек жат әрекеттерімен көрсетеді. Бұндай жанұяның балалары ата-ананың ақылын тыңдамауға әдеттенеді. Ондай балалар ата-анасына деген құрметті жоғалтары белгілі. Көптеген криминолог ғалымдардың пікірі бойынша, құқық бұзушы жасөспірімдердің әке-шешесінің қарым-қатынасына, тәрбиесіне көзқарастарының төмендігін көруге болады [6,8].

С.С. Остроумовтың жүргізген анкеталық сұрақтарына жауап берген балалардың 40% ата-анасына немқұрайлы қарайтынын білдірсе, 67%-і қорыққандарынан ғана тіл алатынын, 40%-і ата-анасынан ешқандай адамгершілікті көрмейтіндіктерін, 5%-і ата-анасының тек біреуінен белгілі бір адамгершілікті, жауапкершілікті көретінін мойындаған [9].

Ал, бас бостандығынан айрылған немесе жасы толмағандар ісі жөніндегі инспекцияда есепке алынған балалардың 25%-нің ата-анасы үздіксіз ішкендер екен [8].

Біздің Өскемен қаласында жасы толмағандар ісі жөніндегі комиссияда есепте тұрған 9-13 жас

аралығындағы жасөспірімдердің 65% -нің ата-анасы үздіксіз ішкен. Сондықтан, олардың басым көпшілігі (51%) өздерінің құқық бұзу жолына түскеніне ата-анасын кінәлап, ата-аналарының бойынан 42% адамгершілікті көрмейтіндігін айтса, тек 2,5% сескенгеннен ғана сыйлайтынын жазды.

Біздің ойымызша, кейбір ата-ана немқұрайлы қараудың нәтижесінде баласының құқық бұзушылығын, қылмысын тек ішкі істер қызметкерлерінен бірақ естиді.

Сонымен, ата-ананың балаға қалай болса солай қарауы, оларға деген әке-шешелік жауапкершілігін сезінбеуі, ішімдікке салынуы, өзін қалай болса солай ұстауы - бәрі-бәрі жасөспірімнің құқық бұзуына жол ашады.

Жасөспірімнің құқық бұзуына себеп болатын тағы бір жағдай - қоршаған орта.

Баланы қоршаған орта ретінде оның аулада, көшеде, мектепте қоршаған балаларды айтуға болады. Жасөспірімнің мінезінің өзгеруі-тәртіп ережесі мен өлшемін меңгеріп, өздерін қоғамның толық мүшесі санаған аздаған топ (референттік топ) әсерінің нәтижесі.

Мектептен тыс уақытта көптеген оқушылар ата-анасының қарауынсыз болғандықтан, бақылаусыз өмір кешеді. Бұндай баланың мектептегі сабаққа бармауы, немқұрайлылығы осы бақылаусыздықтан шығады десе, артық айтқандық емес. Сонымен қатар, ондай балалар көбінесе класта “қиын” балаға, тәрбиеленуі қиындық туғызатын балаға айналады.

Тәжірибелер көрсеткендей, бақылаусыз қалған балалар өздері тұратын жерлердегі кіші топтарға біріккен. Ал, ол топтардың қандай іспен айналысатыны белгілі.

Ата-аналардың басым көпшілігі, сабақтан бос уақытта баласының немен шұғылданып жүргенін, достарының кім екенін, достарының қандай пайдалы іспен айналысатынын білуге ниет етпейді. Осыдан барып, баланың, ата-ана бақылауынсыз тыс қалғанына сенімі артып, құқық бұзушылыққа оңай қадам жасайды. Баланың достарының ықпалы да құқық бұзушылыққа себеп бола алады. Біз әрине, бұл жерде барлық ата-ана бала тәрбиесімен айналыспайды деген ойдан аулақпыз.

Жасөспірімдер құқық бұзушылығын көп зерделеген В.Ф. Кондратишко мен В.Г. Сенько зерттеулері бойынша, көптеген жасөспірімдер мектептен тыс уақытында мұғалімдер мен ата-ана бақылауынсыз қалған. Педагогикалық тәрбиеге көнбейтін балалардың аздаған мөлшері ғана жалғыз бақылаусыз қалғандар. Бірінші,

екінші кезеңде бақылаусыз қалған оқушылардың әлеуметтік жағынан құлдырауы сан жағынан аз топтарға біріккен: екі адамнан 4%, үш адамнан -2%, төрт адамнан - 13%, бес адамнан - 4%. Бұл топты жасы толмағандардың қылмыстық топтармен салыстырсақ оған қатысушылар сан жағынан төмендегідей бөлінген: екі адамнан 13%, бес адамнан - 62%.

Әлеуметтік құлдырау төмендеген сайын кішкене топтарға қатысатын балалар саны өсе түсуде. Олай болса, олардың мүшелерінің басқа балаларға кері одан әрі өсуде.

Жаксы жанұядан шыққан балалар жасы жағынан өзінен үлкен тәртібі нашар, мектептен тыс жерде танысқан балалардың ықпалымен құқық бұзу жолына оңай түседі. Баланың мұндай жағымсыз ортаға түсуі, болашақта олардың бақылаусыз болуына, мектептен шеттеуіне алып келсе, одан әрі құқық бұзушы балалар тәртібінің нашарлығымен, кері жолға түскен ересектер әсер етіп, кейде “қылмыскер” аталуына себепші болады.

Жат әрекеттермен ерекшеленген ортаға кірген баланың тәртібін реттеп отыратын ұжымшылдық емес, енді еліктеу, өзін-өзі көрсету болып табылады. Мінезінің біркелкі босаң болуы, жасөспірімнің ол ортаның кері әсеріне қарсылық көрсетуін тежеп отырады. Өзін-өзі

тежеу тағы да, оның тағы бір ықпалмен улануына алып келіп, құқық бұзушылыққа түсуіне қадам жасатқызады.

Сонымен, жасөспірімдердің құқық бұзушылық пен қылмыстық құқық бұзушылықтың алғаш табалдырығын аттауына себеп болатын - әлеуметтік-экономикалық, әлеуметтік-материалдық жағдай, қоршаған орта, бейне көріністерінің әсері, кей кездері ата-анасының өзі ұйытқы болатын болса, оның тереңіне бойлап, әсер ететін тағы бір жағдайларының қайнар көзін ашу, құқық бұзушылықты, қылмыстық құқық бұзушылықты болдырмай алдын-алу болашақтың ісі. Десек те, өзгенің баласының тағдырына бей-жай қарамай, өзінің баласындай белгілі бір нәрсеге қызығушылығын арттыру, спорт түрлеріне тарту, сәл игі істері үшін мадақтауды көп айту, жалпы өмірге деген көзқарасын өзгертуге ат салысуды кез келген адам өз міндеті ретінде қараса, нұр үстіне нұр болар еді. Тек сол міндетті орындау немесе орындамауды көзі қырағы, көңілі мен көкірегі ашық адамның өзі шешері анық. Сонда да болса, қоғамымыздың болашағы саналы да салихалы, ұтқыр да ұшқыр, ақылды да білімді, білікті де білгір азаматтар бүгінгі жасөспірімдерден шығатынын ұмытпағанымыз жөн сияқты.

### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі

1. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Қазақстан жолы – 2050: Бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ» атты Қазақстан халқына Жолдауы.- 2014.- 17 қаңтар
2. Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Нұрлы жол - болашаққа бастар жол» атты Қазақстан халқына Жолдауы.- 2014.- 11 қараша
3. Андриенко В.К. Неблагоприятные условия семейного воспитания способствующие возникновению педагогической запущенности и правонарушений школьников.- М., 1989. - с. 42.
4. Жадыбаев С.Х. Правопорядок и поведение несовершеннолетних. - Алма-Ата, 1982. - с. 18
5. Игошев К.Е. Опыт социально-педагогического анализа личности несовершеннолетнего правонарушителя. - М., 1977. - с.75.
6. Нарыкбаев М.С. Подросток и закон. - Алма-Ата, 1981. - с. 15.
7. Орлов В.С. Борьба с преступностью несовершеннолетних – Меры уголовно-правового характера. - М., 1978. - с. 41
8. Кайржанов Е.И. Назначения по делам несовершеннолетних. - В сб.: Вопросы борьбе с преступностью. - Алма-Ата, 1988. - с. 25
9. Остроумов С.С. Некоторые вопросы изучения правонарушений среди несовершеннолетних – В.сб.: изучение, предупреждение правонарушений среди несовершеннолетних. - М., 1990. - с. 25

Мақалада кәмелетке жасы толмағандардың құқық бұзушылықтарының алдын-алуда отбасының алатын орны қарастырылады. Құқық бұзушылықты алдын-алуда отбасының ескерту, алдын-алу шаралары жан-жақты қаралып, қылмыстылықпен күрес жүргізудің тиімділігі мәселелері сараланады.

**Түйін сөздер:** отбасы, құқық бұзушылық, қылмыстылық, ескерту, алдын алу, профилактикалық шаралар, тиімділік.

*В статье рассматривается роль семьи в предупреждении правонарушений несовершеннолетних. Также рассматривается вопрос о предупреждении преступности среди несовершеннолетних.*

**Ключевые слова:** семья, правонарушение, преступность, предупреждение, меры профилактики, эффективность.

*The article of problem minor and the influence of family in notice. Also the question of notice criminality среди minors. Also consider the question about warning of criminality minor.*

**Keywords:** family, criminality, warning, measures of prophylaxis, are efficiency

**Раиса Ануарқызы Орсоева,**

С. Аманжолов атындағы Шығыс Қазақстан Мемлекеттік университеті қылмыстық құқық және қылмыстық іс жүргізу кафедрасының доценті, з.ғ.к.

**Кәмелетке жасы толмағандардың құқық бұзушылықтарының алдын-алуда отбасының алатын орны (қылмыстық-құқықтық және криминологиялық сипаттама)**

**Орсоева Раиса Ануаровна,**

доцент кафедры уголовного права и уголовного процесса Восточно-Казахстанского государственного университета им. С. Аманжолова, к.ю.н.

**Роль семьи в предупреждении правонарушений несовершеннолетних (уголовно-правовая и криминологическая характеристика)**

**Orsaeva Raisa Anuarovna,**

Associate professor of the Department of Criminal Law and Criminal Procedure EKSU S.Amanzholov, Candidate of Law

**A role of family is in warning of offences minor (criminal law and criminology description)**